

2 Өндірістік жарақаттану және кәсіби аурулар

Жұмыскер еңбек операцияларын орындау кезінде қауіпті өндірістік фактордың әсер ету аумағында болуы әбден мүмкін. Жұмыскерге өзінің еңбек міндеттерін атқару сәтінде немесе жұмыс жетекшісінің тапсырмасын орындауда оған қауіпті өндірістік фактордың әсер етуін өндірістегі жазатайым немесе оқыс жағдай деп атайды. Бұл кезде адам организмі аяқ астынан, ілезде бүлініп, жарақатқа ұрынады. Осындай өндірістік жарақаттардың жиынтығымен сипатталатын жалпылама құбылыс өндірістік жарақатшылық деп аталады.

Жазайтайым оқиғалардың өндіріспен байланысы, оларды зерттеу, есепке алу тәртібі және жарақатшылық туралы есеп «Өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу және есепке алу туралы» құжат – ережеге сәйкес белгіленген. Өндірістегі жазатайым жағдай болып кәсіпорын территориясында немесе одан тыс жерде зардапкер өзінің еңбек міндеттерін, кәсіпорын әкімшілігінің, жұмыс жетекшісінің (бригадир, шебердің, ауысым бастығының, бөлімше бастығының және т.б) тапсырмаларын орындау кезіндегі, сонымен қатар, кәсіпорын бөлген көлікпен жұмысқа бара немесе келе жатқанда, жұмыс уақыты кезінде, оның ішінде белгіленген үзілістер кезінде, өндіріс құралдарын, жұмыс киімдерін ретке келтіру және т.б әрекеттер кезіндегі, оқыс жағдайлар есептелінеді. Осы категорияға, сонымен қатар, жұмыстың алдындағы және аяғындағы, мерзімнен тыс уақытындағы, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыстар кезіндегі оқыс жағдайлар да жатады. Сонымен бірге, жұмыс кезіндегі қатты улану, ыстық тию, найзағай ұру, үсу де өндірістегі оқыс жағдайларға кіреді.

Жұмыскердің жұмысқа білеттілігін кемі бір күнде жоғалтуға немесе оны негізгі кәсібінен басқа жұмысқа ауысуына мәжбүрлеген өндірістік оқыс жағдайларда белгіленген үлгідегі (Н-1 үлгісі) акт жасалынады. Бұл актінің куәландырылған көшірмесін кәсіпорын зардап шеккен тұлғаға немесе басқадай мүдделі тұлғаға беруге міндетті.

Егер жазатайым жағдайда зерттеу нәтижесінде оның себебі болып мына жайттар анықталса, онда ол өндіріспен байланыссыз болып есептелінеді, олар:

- зардапкер әкімшіліктің рұқсатсыз өз мақсатында қандай да бір бұйымдарды жасап жатқанда;
- өз мақсатында өз еркімен кәсіпорынның көлік құралын, механизмін, құрал–саймандарын, жабдықтарын пайдаланғанда;
- кәсіпорын территориясындағы спорттық ойындарда;
- кәсіпорын материалдарын, құрал–саймандарын және т.б. заттар мен бағалы бұйымдарын ұрлау кезінде;
- мас болу салдарынан, яғни, жұмыскер алкоголь ішімдігін немесе өндірістік үдерістерге пайдаланылатын техникалық спирттерді, ароматтық, нашақорлық және т.б. осындай заттарды ішуден болса (1 – кесте).

Кесте 1 – Алкогольмен мас болу дәрежесін бағалаудың белгілері

Р ет №	Спирттің қандағы мөлшері, %	Функциональдық бағалау
1	0,2 – төмен	Функциональдық норманың шегінде.
2	0,2 – 0,3	Тексерілуші тұлға негізінен есі бар, мас емес.
3	0,3 – 0,4	Кейбір ұсақ қимылдарының дәлдігі ептеп әлсіреген, назары дұрыс, автокөлік басқаруға болмайды.
4	0,5 – 0,9	Аздап масаңсыған, шаршаған, қимыл дәлдігі бұзыла бастаған.
5	1,0 – 1,9	Орта дәрежелі масаңдық, айтарлықтай эмоциональдық тұрақсыздық, айналасына қауіптілік, сөзіндегі түсініксіздік, аяқтарында шатасу, мінез–құлығы мен бағдарлылығы өзгерген, кей уақытта ұйқышылдық.
6	2,0 – 2,9	Қатты мас болуы, ауыруды сезушілігі толық азайған, алкогольмен шұғыл уланудың бастапқы белгілері, өліп кетуі мүмкін.
7	3,0 – 5,0	Алкоголмен қатты улану, өміріне қауіпті жағдай.
8	5,0 – ден артық	Әлбетте, өліп кетеді.

Дегенмен, егер зерттеу нәтижесінде жарақат алкоголь ішімдігін ішумен байланысты болса да, оның негізгі техникалық және ұйымдастырушылық себебі еңбек қорғау талаптарының (жабдықтардың жетімсіз жағдайлары, өтеберістердің дұрыс еместігі, жарықтың нашарлығы, зардапкердің оқымағандығы, жұмысты бақылаудың және оны ұйымдастырудың бұрыстығы және т.б.) бұзылуы болып табылса, онда бұл оқыс жағдай өндіріспен байланысты болып саналады.

Орын алған жазатайым жағдайларды дұрыс және өз уақытында зерттеу мен есепке алу, оған Н–1 үлгідегі актіні рәсімдеу жауапкершілігі кәсіпорын басшысына, өндірістік бөлімше мен цех басшыларына жүктелінеді. Ал, олардың дұрыс және уақытылы атқарылуын, сонымен қатар, оқыс жағдай себептерін жоюға бағытталған іс–шаралардың орындалысын жоғарғы шаруашылық органдары, министрлік, ведомство, кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы, еңбекті қорғаудың қоғамдық инспекторлары, техникалық еңбек инспекциясы, Мемлекеттік қадалау органдары және басқа да кәсіпорын бағынышты бақылау орындары тексеріп отырады.

Н–1 үлгідегі актіні беруден кәсіпорын бас тартса немесе зардапкер мен оның мүдделі тұлғасы акті мазмұнымен, болған оқыс жағдайдың біліктіленуімен (квалификациялануымен) келіспеген күнде, олар кәсіпорын кәсіподағы ұйымына шағымдануға құқылы. Қажет болса, кәсіподақ ұйымы

еңбектің техникалық инспекторының қорытындысын сұрап алады да, бұл шешім кәсіпорын әкімшілігі үшін міндетті түрде орындалуы тиіс.

2.1 Жазатайым жағдайларды тергеп – тексеру және есепке алу

Өндірістегі жазатайым оқиға туралы зардапкердің өзі немесе басы қасында болған кез–келген тұлға жұмыстың тікелей жетекшісіне тездетіп хабар береді. Оқиға орнына келсіменен ол:

- шұғыл түрде зардап шегушіге алғашқы медициналық көмекті ұйымдастырып, ауруханаға жеткізуі керек;
- цех немесе өндірістік бөлімше басшысына хабарлайды;
- тексеруді бастағанда дейін жұмыс орнындағы, яғни жазатайым жағдай болған жердегі көріністі сақтауы керек, яғни, оқыс оқиға болған сәттегі машина–механизмдердің, жабдықтардың жай–күйлерін сол қалпында ұстауы қажет, тек қана, бұл іс–әрекет басқа жұмыскерлердің денсаулығы мен өміріне қатер төндірмесе және өндірістік үдерістердің бұзылуы мен басқа да апатқа апармайтын болса.

Сонымен қатар, бүгінгі заманауи мүмкіндіктерді пайдаланып, оқиға орнын суретке, видеокамераға түсіріп алуы қажет.

Цех немесе бөлімше басшысы болған жазатайым оқиғаны кәсіпорын басшысы мен кәсіподақ ұйымына хабарлауға міндетті.

Жұмысберуші орын алған жазатайым оқиғаны тез арада мына орындарға жеткізуді қамтамасыз етеді:

- еңбек туралы территориялық мемлекеттік уәкілетті органға;
- сақтандыру ұйымына;
- егер жазатайым оқиға кәсіби сырқат немесе улану фактілермен байланысты болса, онда Мемлекеттік санитарлық–эпидемиологиялық органдарға.

Жазатайым жағдай орын алсымен, кәсіпорын әкімшілігі 24 сағат ішінде ережеге сәйкес тергеп–тексеру комиссиясын ұйымдастырып, оның төрағасы мен мүшелерін бекітеді. Әлбетте, комиссия төрағасы болып кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары, ал мүшелері болып еңбекті қорғау бөлімінің жетекшісі, кәсіподақ ұйымының немесе зардапкердің сенімді өкілі кіреді.

Өндірістегі орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде мынандай оқиғалар болатын болса:

- ауыр немесе адам өлімімен аяқталғанда;
- зардап шеккендердің ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі немесе одан да көп адам ұшыраған топтық оқиғалар болса;
- қатерлі уланудың топтық оқиғалары болса, онда бұл оқыс оқиғаларды тергеп–тексеру үшін арнайы комиссия құрылады.

Арнайы тергеп–тексеру комиссиясын Мемлекеттік еңбек инспекциясының территориялық бөлімшесі құрады да, оның құрамына төраға болы Мемлекеттік еңбек инспекторы, ал мүшелеріне – жұмыс беруші, жұмыскерлердің өкілі (кәсіподақ ұйымынан) кіреді.

Егер жазатайым жағдай салдарынан екі адам қайтыс болса, мұндай топтық оқиғаны облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың бас Мемлекеттік еңбек инспекторлары басқаратын комиссия жүргізеді.

Өлімге ұшырағандардың саны үштен беске дейін боланда, ол топтық жазатайым оқиғаларды тергеп–тексеру жұмысын еңбек жөніндегі уәкілетті Мемлекеттік орган, ол қайтыс болғандар бес және одан да көп болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған комиссия жүргізеді.

Өндірістегі мұндай жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру мерзімі комиссия құрылған күннен бастап, он жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Барлық тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізуге арналған арнаулы ережелер бар және солардың талаптарына сай бұл жұмыстар рәсімделеді және есепке алынады.

Тергеп-тексеру құжаттары мен мәліметтері кәсіпорын мұрғатында 45 жыл сақталады.

Жұмыста жүріп оқыс жағдайға ұшыраған жұмыскер ауысым ішінде кәсіпорын әкімшілігіне бұл туралы хабарламаса немесе оның жұмыс қабілеттілігін жоғалтуы бірден болмаса, онда жұмыскердің өзі немесе оның мүдделі тұлғасы өтініш жазуға құқылы. Оның өтініші бойынша осы өтініш түскен күннен бастап екі апта ішінде бұл оқыс оқиға мұқият тергеліп, тексерілген соң ғана ,барлық жәйттарға – жарақат туралы медициналық қорытындыға, жұмыс қабілеттілігін жоғалтудың мүмкін болған себептеріне, басы-қасында, жанында болғандардың айтқандарына және т.б дәлелдемелерге сәйкес, Н-1 үлгідегі актіні беру, бермеу мәселесі шешіледі.

Егер оқыс жағдайға басқа кәсіпорыннан келген жұмыскер осы кәсіпорынның тапсырмасын орындау кезінде ұшыраса, бұл оқиғаны осы кәсіпорынның әкімшілгі шығарған комиссия тергеп, тексереді.

Кәсіпорын жетекшісі жұмыскерге жіберген кәсіпорынның басшысына жедел түрде оның жарақатқа ұшырағаны туралы хабар беруге міндетті. Бұл жазатайым жағдайды зардап шеккен жұмыскердің кәсіпорыны есепке алады.

Егер кәсіпорынға белгіленген тәртіпке сәйкес жіберілген жұмыскер немесе студент осы кәсіпорын қызметкерінің жетекшілігімен жұмыс істеу негізінде жазатайым оқиғаға ұшырайтын болса, онда бұл оқыс жағдай осы осы кәсіпорынның комиссиясымен тексеріліп, осы кәсіпорында есепке алынады. Ал тергеп, тексеруге, әлбетте, зардапкерлер жататын кәсіпорын немесе оқу орнының өкілдері қатысулары қажет.

Бір кәсіпорынның арнайы бөлінген немесе берілген аумағында басқа кәсіпорынның жұмысы өздерінің басқаруымен атқарылып жатқанда оқыс жағдай орын алтатын болса, бұл оқиға жұмыс жүргізіп жатқан кәсіпорынның комиссиясымен тексеріліп, тергеледі.

Бір ескерерлік жайт – жүргізіліп жатқан жұмыстарды басқарып және қауіпсіз еңбек жағдайларының қамтамасыз ету, сол кәсіпорынның әкімшілігінің жауапкершілігі болып есептелінеді.